

№10 Дәріс. Саясат. Азаттық. Жауапкершілік маңыздылығы

Дәрістің мақсаты: Саяси талдауда азаттық, жауапкершілік, бостандықты әлеуметтік шындық, ретінде танымдық мүмкіндіктерінің объективті сипаттамасы аясында жан-жақты қарау.

Дәріс жоспары:

1. Бостандықтың жалпы сипаттамасы.
2. Еркіндік пен теңдіктің байланысы
3. Саясат пен азаттықтың арақатынасы

Бостандық ұғымы сияқты жиі қолданылатын сөзді табу өте қиын. Алайда әр индивид оған субъективті сипаттағы өз мағынасын береді, себебі жеке бостандық шектеуі жоқ ұғым болып саналады. Бостандық туралы мұндай көзқарас кәдуілгі санаға сай, бірақ еш бір жағдайда ғылымдық тұрғыда қарастырыла алмайды. Ғылыми анализ бостандықты әлеуметтік шындық, оның параметрлері мен танымдық мүмкіндіктерінің объективті сипаттамасы аясында жан-жақты қарауды талап етеді. Көптеген философтар бостандықты дәл осы аспектіде анализ жасады. Мәселен, Гольбах «бостандық – өз бақытың үшін қоғамның өзге мүшелерінің бақытына кері әсерін тигізбейтін әрекеттерді жасау мүмкіндігі» деген болатын. Ал Коллинз бостандық адамның кез келген қалауын орындайтын құрал деп түсінген. Ең алдымен, бостандықтың әлеуметтік ұғым екенін түсіну керек. Жануарларда ешбір бостандық жоқ. Олар табиғаттың бір бөлігі және ешбір бостандықты қажетсінбейді. Маркс жазып кеткендей, жануар өз тіршілік қарекетімен теңбе-тең. Ол өзін тіршілік қарекетінен бөліп жармайды да, айырмашылық жасамайды да. Оның өзі тіршілік қарекеті. Ал адам өзінің тіршілік әрекетін санасының пәні етеді. Саналы түрдегі тіршілік әрекеті адамды жануардан өзгешелейтін құбылыс. 3. Адамның әрекеттері саналы сипатқа ие болғандықтан, бостандықты қабылдайды. Бостандық адамдардың біріккен әрекеттері нәтижесінде пайда болады. Сондықтан, кез келген бостандықтың негізі – адамның тіршілік әрекетінің бостандығы. Бір жағынан, адам өз бостандығын қоғамнан тапса, басқа жағынан – ол оның қалаған нәрсесін жасауына бөгет жасайды, себебі қоғамдағы адам еркін бола алмайды. Ленин жазғандай, қоғамда өмір сүріп, қоғамнан еркін болу мүмкін емес нәрсе.

Бірақ бұл өмірдің диалектикасы, және бұл жағдайда біз ымыраға келу жолымен шешілетін социумның қайшылығына тап боламыз: қоғам индивидке белгілі бір еркіндіктер береді, алайда индивид, өз кезегінде, еркіндікке қатысты қоғамға деген өз талаптарын саналы түрде шектейді. Еркіндік ол үдеріс, қатып қалған күй емес. Басқаша айтқанда, қоғамның өрлеу сызығымен қозғалуы барысында адамның экономикалық, саяси, рухани және басқа да аспектілердегі еркіндігі көбейеді. Бұл үдеріс өте қайшылықты, кейде драмалық сипатта болады, алайда эмпирикалық жолмен адам еркіндіктерінің тарих бойына кеңейгендіктерін көруге болады. Мысалы,

алғашқы қауымдық дәуір адамының өз руына да, табиғатқа да қатысты еркіндіктері болмады. Күн көру үшін барлық жерде стихиялық күштермен күресу керек болды. Рулық байланыстар мен қатынастар да еркіндік бермеді. Адам оларға қатысты құлдық бағыныштылықта болып, өз өмірін ру немесе тайпадан бөлек елестете алмады. Оның қылықтары мен әрекеттері ру немесе тайпаның салт-дәстүрлерімен реттелді. Өмірлік мәселелерді, олардың ішінде жеке басының өмірі (мысалы, үйлену) өз еркімен шешу мүмкіндігі мүлдем болмады немесе қатты шектелді. «Тайпа адам үшін басқа тайпа адамына мен өз-өзіне қатысты шекара болды: тайпа, ру және олардың мекемелері киелі және мызғымайтын, жеке адамның өз сезімдері, ойлары мен әрекеттерінде сөзсіз табынатын, табиғат сыйлаған жоғарғы билік болды. Бұл дәуірдің адамдары бізге айбарлы көрінгенімен де, олар бір-бірінен айырықсыз болды, олар әлі – Маркстің атуы бойынша – алғашқы қауымдастықтың кіндігінен ажырамаған». Адамға әр жерден қауіп төніп, ол ерте табиғи тозып, салыстырмалы түрде жас кезінде қайтыс болды. Құлиеленуші қоғамда біз басқа көріністі байқаймыз. Әрине, құлдың өмірі оның иесіне толығымен тәуелді болды, ол оны өлтіруге немесе сатуға құқылы болды, оны зат ретінде санады. Соның өзінде құлдың алғашқы адаммен салыстырғанда еркіндігі көбірек болды, себебі ол «алғашқы қауымдық кіндігінен» арылды. Ол өзін басқалардан ажыратады, өзі дербес өмір сүре алады. Одан басқа – және бол ең маңыздысы – құлиеленушілік қоғамда құлдардан басқа құлиеленушілер, еркін азаматтар және т.б. өмір сүрді. Олар мемлекеттік, әсіресе демократиялық мемлекеттің істеріне тікелей араласты. Осылайша, Перикл заманындағы Афинада дамыған құлиеленушілік демократия болды. Оның мәнін Перикл былай түсіндірді: Біздің мемлекетімізде біз еркін өмір сүүріп, күнделікті өмірде өзара күдіктерден қашқақтаймыз: егер көрші өз қылықтарында өзінің жеке бейімділіктеріне сүйенсе, біз жеркенішті болмаймыз, және оған өзіміздің зиянсыз, алайда ауыр қабылданатын ызамызды айтпаймыз. Жеке қарым-қатынастарымызда шыдамды бола тура, қоғамдық өмірде оларға деген құрметтен заңдарды бұзбаймыз, жазықсыздарды қорғауға бекітілген заңдарға және билікке, сонымен қоса жазылмаған, оларды бұзуды бәрі ұят санайтын заңдарға бағынамыз». Алғашқы қауым адамы орнатылған тәртіпке қарсылық көрсетпеді. Рулық-тайпалық дәстүрлерге, көсемге бағынбау туралы ойы да болмады. Құлдар өз кезегінде көтерілістер ұйымдастырды, өз қанаушыларына қарсы соғысқа шықты, себебі олар өзінің құл екендіктерін түсінді. Әрине, құлдардың арасында өзінің жағдайына риза, ешқандай еркіндікті қажет етпейтін, өз иелеріне адал қызмет еткен адамдар да болды. Мұндай құлдар туралы Гегель «өзінің құлдық жағдайына разы құл өзін ойламайды, себебі еркіндік оның мақсаты емес, демек, ол өзінің жалпыламалылығын қаламайды, ол тек ананы немесе мынаны қаламайды дәл құлиеленушілік құрылым кезінде қоғамның бір бөлігі алғашқы қауымда тікелей материалды өмірмен байланысты болған рухани өндіріспен, яғни философия, ғылым, мәдениетпен айналысуға мүмкіндік алды. Рухани өндірістік жеке сала болып бөлінуі адам еркіндіктерін кеңейтудегі, адам қоғамының дамуындағы үлкен прогресс

болып табылады. Ұмытылмау керек жайт, өркениеттің генезисі құлиеленушілік құрылыммен байланысты. Ол кезде өркениеттік фундаменті қоғамдық байлық құрылып, әлеуметтік байланыстар табиғи байланстардан басымдыққа түсті. Осылайша, құлиеленушілік дәуірдегі адамның, құл болса да, алғашқы қауым адамымен салыстырғанда еркіндігі көп болды. Феодалды құрылым кезінде адам еркіндігін одан әрі кеңейтеді. Құлдар жоқ, адамды сатуға, сатып алуға немесе өлтіруге болмайды. Шаруа енді жер иеленуге, өндіріс құралдарын иеленуге мүмкіндік алды. Оның отбасы бар және ол өз мүлкімен салыстырмалы түрде еркін иелік етеді. Әрине, басыбайлы тәуелділіктің сақталғанын ұмытпау керек, себебі шаруа өзі жұмыс істеуге мәжбүр болған помещиктің рұқсатынсыз немесе өтеуді төлемей ауылдан кете алмады. Капиталистік құрылымның пайда болуымен адам толық саяси тәуелсіздікке қол жеткізеді. Саяси еркіндік дегенде, ол бекітілген заңдар мен нормалар шегінде толық еркіндікке ие және оны ешкім мәжбүрлемейді. Буржуазия феодалдық қоғамдық қатынастарды бұзып, еркін кәсіпкерлік және барлығының заң алдында формальды түрде тең екендігін ұран етіп, сословиелік лауазымдар мен сословиелік ерекше жеңілдіктерді жойды. 1789-1794 жж. Классикалық француз буржуазиялық революциясы «Адам және азамат құқықтары жөніндегі Декларацияны» қабылдады. Ол бойынша: «1. Адамдар құқықтары мен еркіндіктерінде тең болып дүниеге келеді және солай қалады. Әлеуметтік айырмашылықтар тек ортақ мүдде түсініктеріне негізделі алады. 2. Әрбір саяси одақтың мақсаты адамның табиғи және тартып алынбайтын құқықтарын қамтамасыз ету. Оларға еркіндік, мүлік, қауіпсіздік және қанауға қарсылық жатады. 3. Мемлекеттің суверенитеті ұлтқа негізделеді. Ешқандай корпорация, ешбір индивид бұл түпнұсқадан бастау алып шықпайтын билікке ие бола алмайды. 4. Еркіндік басқаларға зиян келтірмей барлық нәрсені істеу болып табылады...». Буржуазиялық қоғамда немқұрайлы түрде еркін. Ол жұмыс істей алады немесе жұмыс істемесе де болады, табыскерлікпен айналыса алады, өз қаражатын экономиканың әртүрлі салаларына сала алады, саяхаттауға құқылы және т.б. Бірақ ол еш нәрсемен айналыспай, паразиттік өмір сүре алады. Яғни адам толығымен еркін және «Өз қалауымды істемін» қағидасын басшылыққа ала алады. Алайда қатаң экономикалық қажеттілік, оны қатігез бәсекелестік жағдайда күн көру үшін әрекеттенуге мәжбүрлейді. Егер оның жұмыс күші болмаса, ол оны жеке тұлғаға немесе мемлекетке сатуға мәжбүр болады. Сондықтан еркіндікті тіршілік етуге керек қаржыны табудан, қоғамда қабылданған заңдардан, орнаған принциптерден, дәстірлерден, т.б. еркіндік деп түсінуге болмады. Капиталистік жағдайда адамның еркіндігі оның басқа дәуірлермен салыстырғандағы өзінің «Мен» атауының толыққанды иесі, заңды еркін тұлға, өз өмірін өзі басқаруымен сипатталады. Алайда буржуазиялық еркіндіктің қарама-қайшылығы бар: барлығы еркін, бірақ сонымен бірге ешкім еркін емес. Еңбекші еркін емес, себебі ол жұмысын жоғалтудан қорқып, ертеңгі күнге сенімсіз. Капиталист еркін емес, себебі ол банкрот болудан, бәсекелестікке шыдай алмаудан қорқады. Бір сөзбен айтқанда, әрқайсысына үнемі қауіп төніп тұрады. Сонда да, қайталап өтсек,

буржуазиялық дәуір адамы одан бұрын болған дәуір адамдарымен салыстырғанда көптеген еркіндіктерге ие. Бірақ одан да көп еркіндіктерге ол посткапиталистік қауымдастықта қол жеткізеді, себебі ол қоғамда жеке адамның еркін дамуы барлығының еркін дамуының шарты болады. Еркіндік тікелей біліммен байланысты. Адам шынайы дүние заңдары, қоршаған табиғи және әлеуметтік ақиқаттылық жайлы қаншалықты көп білсе, оның еркіндігі соншалықты көп болады, себебі ол нақтылы бір жағдайда өзі үшін қолайлы шешімдер қабылдай алады. Сондықтан Энгельстің «ерік еркіндігі ол біліммен шешімдерге келу болып табылады» деген сөзімен келіспей қойюға болмайды.

2. Еркіндік адам өмірінің әлеуметтік және табиғи жағдайларымен анықталады, сол себепті, менің ойымша, Сартрдың осы пікірі дұрыс емес: «Адамның еркіндігі ештеңемен анықталмайды. Детерминизм – татуластырады: білімі себептерді білумен шектелген адам себептер арқылы әрекет ете алады, сондықтан да моралистердің барлық күштері бүгін де бізге өзіміздің тек қол асты құралдар арқылы манипуляциялауға еліктейтін жұмыс бөлшегі екендігімізді дәлелдеуге бағытталған».

1. Бірақ адам өзі өмір сүріп, жұмыс істеуге мәжбүр болған өмірлік жағдайлардан тыс кете алмайды. Мысалы, алғашқы қауым адамы әлеуметтік және табиғи жағдайлардың қысымының әсеріне ұшырағаны соншалық, айтылып өткендей, оның іс жүзінде ешқандай еркіндігі болмады. Басқа мәселе – еркіндік дәрежесі. Ол жалпы қоғамның даму деңгейіне, оның өркениеттілігіне, адам ақылына, индивидтің білім деңгейіне, байлығына, әлеуметтік және саяси жағдайына тәуелді болады. Адамда әрқашан таңдау еркінің бар екендігі жөнінде Сартрмен келісуге болады. Мысалы, концлагерьде өз серіктерді әшкерелемей, Отан үшін қаза табу, немесе керісінше, бәрін сатып, өз өмірін сақтап қалу сияқты таңдау еркіндігі болды. Еркіндік аспектілері: экономикалық, рухани және саяси. Экономикалық аспект, біріншіден, еңбек қызметінің еріктігін білдіреді. Адам материалды және рухани құндылықтарды құруда өзінің зияттылығы мен дене мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндікке ие болу керек. Басқаша айтқанда, ол еңбек етуге құқылы болу керек, себебі тек еңбек арқылы ғана адам тарихтың нағыз жасаушысы бола алады. Екіншіден, тек еркін еңбек, яғни өзі және қоғам үшін еңбек, қанаушылықсыз, мәжбүрлеусіз еңбек қана адамға нағыз ғанибет алып келеді. Үшіншіден, экономикалық еркіндік адамға оның дене күшін жаңғыртуға, ертеңгі күнге сенімді болуға, бос уақытты дене және рухты жетілдіруге қолдануға мүмкіндік береді. Еркіндіктің рухани аспектісі, біріншіден, рухани құндылықтарды иеленумен, ал екіншіден, ол құндылықтарды адам өзі құруға мүмкіндігімен байланысты. Әдебиетті, өнерді, ғылымды, т.б. білу адамға өзін еркін және толыққанды азамат ретінде сезінуге көмектеседі. Адамға еркіндік рухани құндылықтарды жасау үшін керек. Ол яғни, біріншіден, ақыл-ой еңбегіне берілу үшін экономикалық мүмкіндіктерге ие болу дегенді білдіреді. Экономикалық тәуелсіздіксіз шығармашылық тәуелсіздікке сенуге болмайды. Кім төлейді, сол музыканы таңдайды дегендей. Онымен байланысты Энгельс классикалық көне заман Вольтері атаған, Самосаттан Лукнаны еске алған жөн, тарихшының бір ғана

жұмысы – болғанды нақты айту. Ал егер ол өзінің дұшпаны Артаксеркстен қорықса, немесе өзінің кітабындағы мадақтаулар үшін қызылкүрең шекпен, алтын сауыт, нисейлік тұлпарды сыйға алғысы келсе, ол бұл жұмысты істей алмайды. 2. Ешбір мемлекет өзіне қарсы шығатын шығармашылық интеллигенция өкілдерін қаржыландырмайды. Буржуазиялық қоғамда, мысалы, әрбір адам өзі қалағанын жазуға ерікті, тек ол билеуші таптың мүдделеріне байланысты болса, оны ешкім жарияламайды. Екіншіден, жанның және жүректің қалауымен, шындықты жазу және өз шығармашылығында шынайы үдерістерді сипаттау. Үшіншіден, цензура мен басқа да мемлекеттік мекемелердің бақылауында болмау. Адамның ең басты цензоры, бақылаушысы – өзінің ары, адамгершілік қағидалары мен нормалары. Рақымды адам өз шығармаларында ешқашан зорлық, ашкөздік, антигуманизм және адамның басқа да кемістіктерін насихаттам жазбайды. Ол тіпті өзінің дұшпандарына арнап жалалы шығармалар жазбайды. Рухани еркіндік – өзін жинақтаушылық емес, зияткерлік шығармашылықта көрсеткісі келетін адам үшін нағыз ләззат. Саяси аспект саяси еркіндіктерді білдіреді: сөз бостандығы, сайлау және сайлану құқығы, саяси партиялар құру еркіндігі және т.б. Бұл мәселелерді мен алдыңғы тарауларда қарастырып өттім. Мұндай айта кетерлік бір жағдай, саяси бостандық экономикалық бостандыққа, индивидтің әлеуметтік жағдайына және де нақты-тарихи шарттарға тәуелділікте жүреді. Жауапкершілік. Жауапкершіліктің үш түрін бөліп көрсетуге болады: моральді, құқықтық және саяси. Моральді жауапкершілік ешқандай жазаға тартқыздырмайды. Адам мемлекет, қоғам және отбасысы алдындағы өз жауапкершілігін сезінеді. Және жауапкершілік деңгейі оның өзінің ар-намысы мен адамдық қасиетіне тікелей тәуелді. Құқықтық жауапкершілік құқықтық нормалар мен принциптерді бұзған жағдайдағы жазаға әкеледі. Ал енді саяси жауапкершілікке келер болсақ, ол көбіне қоғамның мәдениеттілік деңгейінің артқандығымен өлшенеді. Ең алдымен, халық мемлекетінің саяси өміріне өзінің іс-әрекеттерімен мемлекет алдындағы саяси жауапкершілігін ұмытпауы қажет. Егерде халық үкімет оларды алдайды және орнын ауыстыруға ешқандай мүмкіндік бермейді деп есептесе, онда сол халыққа Гегельдің айтуы бойынша, дәл осындай билік қажет. Ең көп саяси бостандыққа ие болып келетін мемлекет қайраткерлері. Мысалға, монарх өзі шексіз билікке ие адам. Сол себепті де монарх дандайсып, ешқандай жауапкершілікті сезінбей, өз халқына зиянын тигізуі мүмкін. Қазіргі жағдайларға сәйкес мемлекет көшбасшыларына артылатын жүк өте ауыр болып келеді. Бұл ең алдымен ядролық қаруды иемденумен әлемдік өркениеттікті жоюға әкеп соқтырады. Егерде ядролық державаның басында жауапсыз адам отыратын болса, онда бұдан тек өз елі емес, бүкіл әлем жапа шегеді. Сол себептен билік басына жауапты, мықты денсаулыққа ие адамдар келу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010

2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба класической традиций. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
- 17.Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
- 18.Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
- 19.Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия